



**АТЫРАУ
ОБЛЫСТЫҚ
СОТЫНДА
ЖАҢА ТӨРАҒА**

2-бет



**«ИНВАТАКСИ»
ҚЫЗМЕТІНЕ
КІРІСТІ**

3-бет



**ҚАРА
МЫСЫҚ**

8-бет

ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№53 (3584) 21 шілде 2023



газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БАЗЫНА

ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ ЖОҚ АУДАН

Алматы облысында Ұйғыр ауданының құрылғанына биыл 89 жыл. Кеген ауданынан 1934 жылы бөлініп шыққан бұл өңірге осы уақытқа дейін бір рет қана қазақ ұлтының өкілі басшы болған. Содан болар, кейде басымдық осы ұйғыр ұлтының жоғын түгендеуге басымдық берілетіндей әсер қалдырады. «Ұйғырдың батыр қызы Назгум» туралы аңыз-әңгіменің таралып, кең насихатталуы сөзіміздің дәлелі. Осы тұста Назгум деп аталатын арнайы өнер ұжымдары құрылып, тек жергілікті ғана емес, республикалық және халықаралық деңгейде тарихи-мәдени, археологиялық тұрғыдан зор маңызы бар алғашқы адамдар қонысы Назгум үңгірі деген атауға ие болды. Оны көру үшін ауданның түкпір-түкпірінен оқушылар автобус жалдап баратын жағдайға жетіп, аудан басшыларының қолдауымен арнайы ескерткіш те жасалды. «Шөлмек мың күнде емес, бір күнде сынады» дегендей «Назгум үңгіріне енді ескерткіш қоямыз» деп аудан әкімінің өзі білек түріп жүргенде Назгум туралы аңыздың ақиқаты ашылды.

ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ТҮГЕНДЕГЕН ЕШКІМ ЖОҚ

Сақ дәуірінен бергі тарихи, мәдени, археологиялық нысандары жетіп артылатын Ұйғыр ауданында әлі күнге дейін өлкетану музейі жоқ. Кейбір белсенді тұрғындар аудан атына қанағаттанбай Мәскеуге дейін облыс, автономия сұрап, хат жазып жүргенде мұндағы басшылардың ешбірі мемлекет құраушы ұлт – қазақтың тарихына мән бермегені енді ғана белгілі болып отыр. Кеңестік дәуірді былай қойғанда мұнда тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде де ешкім мәдени, тарихи және археологиялық маңызы бар ескерткіштерді түгендеп, тізімін жасауға көңіл бөлмеген. Соның нәтижесінде басқасын былай қойғанда аудан орталығынан аса қашық емес, әлі күнге дейін орны көзге көрініп тұрған ортағасырлық Сүмбе қаласы қоршалмақ тұрмақ, ол жерге арнайы тақта да қойылмаған.

(Соңы 4-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЛАЯҚТАРДЫҢ АЙЛАСЫ ТАУСЫЛАР ЕМЕС



Оңай олжаны көздеп көзсіздікке баратындар мен демде дәулеті тасып, байлығы асып кетуді мұрат тұтқандардың ессіздігі елді арандатқысы келетіндерге жақсы болып тұр. Табан ет тауып, маңдай терін төгіп адал қызмет еткісі келетіндер азайып, бір теңгесін үш теңге қылуды қалаған пысықайлар көбейген уақытта аңқау елге арамза молда болатындардың табыла кетуі заңдылық. Мәселе бүгінгі қоғамның басты дертіне айналған қаржы пирамидалары мен оның алаяқ қызметкерлері жайлы.

Түрлі-түстіге алданып қалатын бала секілдіміз, әйтпегенде айланы бетіне шығып, тұтылғандар арамызда зар илеп жүрсе де, әлгілерге қалтамыздың соңғы тиынына дейін санап берер ме едік? «Біреу берсең, жүз аласың, кемпір берсең, қыз аласың» дегеннің кері келіп тұр. Басты дертіміз – қаржылық сауаттылығымыздың төмендігінде. Ел ескі әпсанаға әлі сенеді, түпсанамыздағы төбеден Құдай төге салатын дәулеттің тез әрі оңай келетініне көзсіз де, сөзсіз де иланамыз. Не істемек керек? Халық қаржысын ұйымдар арқылы үлтеп кеткендерге заң не дейді? Сенім білдіріп, бар жиғанын жолына құя салған, сан сабалап, «ай, қап» деп қалған қанша қараша арамызда жүр? Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен мал жиюды жөн санайтын түсінігімізден тыйылмасак, қандай құрдымға тап боламыз?

(Соңы 3-бетте)

ҰТЫС

«АЙФОН» АТЫРАУҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Газеттің тірегі – оқырман. «Қағаз басылымдардың керегі не?» деген кереғар көзқарас қалыптасқан бүгінгідей заманда біздің газеттеріміздің үздіксіз шығып келе жатқаны – мәртебелі оқырманның арқасы. Сондықтан да газет таралымының кемімей, оқылымды болуына үлес қосқан әрбір жазылушыға алғысымыз шексіз. Әрі осы ризашылығымызды білдірудің бір белгісі ретінде жақында оқырмандар арасында ұтыс ұйымдастырған едік. Оған «Заң газеті» мен «Юридическая газета» басылымына, «Заң» және «Фемид» журналына алты айға жазылған жандардың бәрі қатысуға мүмкіндік алды.

Ұтыс туралы, оған тігілген сыйлықтар жайлы, қатысу шарттары туралы мәліметтерді көзіқарақты оқырман көріп, бақылап отырды. Біздің тұрақты оқырмандарымыз да, жаңа жазылушылар да ұтысқа белсене қатысты. 17 шілде күні кешкі 20.00-де zanmedia.kz инстаграм парақшасында өткен ұтыс көпшіліктің көз алдында, тікелей желіде ұйымдастырылды. Кездейсоқ санды таңдау арқылы жүргізілген ұтыста бағы жанып, бағалы сыйлыққа ие болғандар тізімі төмендегідей:

Үтік Тефаль – О.Дүйсенов, Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы;
Фен Рабента – Б.Сауран, Түркістан облысы;
Бұрғы – Н.Өтеулиева, Ақтау қаласы;
Редми Ноут 11 про смартфон – Г.Айтқұлова, Маңғыстау облысы Қарақия ауданы;
Шаңсорғыш «Бош» – Р.Шамшиев, Қызылорда облысы;
Перфоратор – А.Рахимбаева, Шығыс Қазақстан облысы;
Электрлі еттартқыш – Б.Күзембаев, Жетісу облысы Жаркент қаласы;



Эйпл сағаты – Л.Ахатова, Астана;
Қысқатолқынды пеш – Г.Инешева, Ақтау қаласы;
Редми Ноут 11 про смартфон – А.Алиманова, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы;

Эйрподс құлаққап – Г.Тілепова, Ақтөбе қаласы;
Айфон 14 про макс – Ж.Хабаров, Атырау облысы.
Сонымен бірге, «Заң» медиа-корпорациясы дайындаған «Шыты-

рман» детектив шығармалар жинағы 10 адамға беріледі. Бұл жинаққа 2018 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан детектив байқауы жүлдегерлерінің шығармалары топтастырылған.

Біздің жинаққа ие болғандар: А.Досмағамбетова, Атырау; Д.Альменов, Қарағанды, Шахтинск;
Ж.Қиярова, Атырау;
Ұ.Қабылбек, Алматы;
Б.Кушкинбай, Ақтау;
М.Татимова, Алматы;
Ғ.Сақауов, Батыс Қазақстан облысы;
Б.Бөшенов, Алматы;
М.Шойбекова, Алматы;
А.Рысқалиев, Солтүстік Қазақстан облысы.

Ұтыс иелерін құттықтаймыз! Сонымен бірге сыйлықты Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68 «б» мекен-жайында орналасқан «Заң» медиа-корпорациясынан алып кетуге болады. Байланыс телефонымыз: 87012768989.

Арамыздағы байланыс үзілмесін, ардақты оқырман!

ТАҒАЙЫНДАУ



АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНДА ЖАҢА ТӨРАҒА

Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Әбдірашид Жүкенов Атырау облысының сот корпусына жаңа төраға – Мұхтар Парменовты таныстырды.

Іс-шараға судьялар, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, сондай-ақ Сот әкімшілігі департаментінің басшылары қатысты.

Ә.Жүкенов М.Парменовты таныстыра отырып, ол өзінің кәсібилігі мен судьялық тәжірибесін сот төрелігін сапалы жүзеге асыру, заңның үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың сотқа деген сенімін арттыру үшін пайдаланатынына сенім білдірді. Облыс әкімінің міндетін атқарушы Марат Мурзиев М.Парменовке алға қойылған міндеттерді орындауда мол табыс тіледі.

Мұхтар Парменов 1967 жылы ОҚО, Арыс қаласында дүниеге келген. 1991 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген соң еңбек жолын Шу көлік прокурорының аға көмекшісі болып бастаған. 1993-1994 жылдары ОҚО сотының азаматтық істер бойынша кеңесшісі болған білікті маманның қызметтік баспалдағы Шымкент қаласы Еңбекші халық сотының халық судьясы, Шымкент қалалық сотының судьясы, Түркістан қалалық сотының судьясы, Шымкент қаласы Абай аудандық сотының судьясы болып лайықты жалғасқан. 2010-2018 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының, Шымкент қалалық сотының судьясы болған М.Парменов жаңа тағайындауға дейін Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы қызметін атқарған. Үлкен жауаптылық пен жоғары міндет жүктеліп отырған жаңа төрағаның қызметіне сәттілік тілейміз!

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі

ӘДЕП НОРМАСЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ - МЕМЛЕКЕТ АЙНАСЫ

Бүгінде мемлекеттік аппараттың қызметі қоғам сұраныстарын қанағаттандыруға, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, яғни сервистік қызмет көрсетуге бағытталуда.

Демек, клиентке бағдарланған мемлекеттік аппарат құру жалпы мемлекеттік қызметшілердің көзқарасын түбегейлі өзгертуді талап етеді.

Жаңа редакцияда бекітілген Әдеп кодексі мемлекеттік қызметкерлердің менталитетін жаңаша қалыптастыруға зор үлес қосары сөзсіз.

Өздеріңізге белгілі, ҚР Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығымен ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі жаңа редакцияда бекітілді. Әдеп кодексінде мемлекеттік қызметтің қоғам өміріндегі рөлі, мемлекеттік қызметшілердің ұстанымдары мен қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылу қажеттігі айшықталған.

ҚЫЗМЕТ

Сот отырысының хатшысы – сот отырысының хаттамасын жүргізетін, сондай-ақ, сот отырысының аудио-, бейнетіркеуін қамтамасыз ететін, қылмыстық іске мүдделі емес мемлекеттік қызметші.

ҚР ҚПК-нің 83-бабына сәйкес, хатшы хаттамалауды қамтамасыз етуі, қажетті барлық уақытта сот отырысының залында болуға және сот отырысынан төрағалық етушінің рұқсатынсыз кетпеуге, хаттамада соттың әрекеттері мен шешімдерін, соттың отырысына қатысушы барлық тұлғалардың өтінішхаттарын, қарсылықтарын, айғақтарын, түсініктеме-лерін, сондай-ақ сот отырысының хаттамасында көрсетілуге жататын басқа да мән-жайларды толық және дұрыс жазуға міндетті. Сот отырысының хаттамасын заңда белгіленген мерзімде дайындауға, төрағалық етушінің заңды өкімдеріне

бағынуға, жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуі қажет.

Сот отырысының хатшысы сот отырысы хаттамасының толықтығы мен дұрыстығы үшін жеке жауапты. Егер хаттама анық емес не шындыққа сай келмейтін мәліметтерді енгізген жағдайда, хатшы заңда көзделген жауаптылықта болады.

Бірақ бұнымен оның міндеттері шектелмейді, іс бойынша келіп түскен құжаттар томдарға қалыптастырылады, тараптардың келіп түскен шағымдары бойынша істер жоғары тұрған сатыға жіберіледі, істер мен жадығаттарды мұрағатқа тапсырады, сондай-ақ хатшылар азаматтар мен мемлекеттік органдардың өтініштеріне жауап береді, процеске қатысушыларға сот ісін жүргізу мәселелері бойынша түсініктеме береді. Кеңсе меңгерушісінің, судьяның және сот төрағасының өзге де тапсырмаларын орындайды.

Сотта қаралатын кез келген

бағдарлай отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және жолдандымдарды қарау кезінде төрешілік көріністеріне және әуре-сарсаңға салуға жол бермеуді білдіреді. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметшілердің жүріс-тұрыс ережелері қызметтік әдеп стандарттарында көрініс тапқан.

Атап айтқанда, қоғамдық кеңестіктегі, мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен және әріптестерімен қызметтік қарым-қатынастағы, қызметтен тыс уақыттағы қызметтік әдебінің стандарттары.

Мәселен, мемлекеттік қызметшілер қарапайым болуға, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауға, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға міндетті.

Сонымен бірге, азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік танытуы, дөрекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеуі, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмауы тиіс.

Әдеп кодексіне сәйкес, мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қарым-қатынаста ұжымда іскерлік және жанашыр өзара қарым-қатынас пен сындарлы ынтымақтастықты орнатуға және оны нығайтуға ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметшілер осы әдеп нормаларын бұлжытпай сақтап, алдағы уақытта мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін арттыра түседі деген сенімдемін.

ХАТШЫЛЫҚ - ЖАУАПТЫ МІНДЕТ



Қ.ЕСЕНҒАЗЫ, Ақтөбе қаласы №2 сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы

Істің өзіндік қиындықтары мен қатар істі өндіріске дайындау сатылары болады. Сот отырысы хатшысының жұмысы күрделі, көп салалы әрі қызықты. Сот отырысының хатшысы ұйымдастырған жауаптылықпен, судьяның жұмысы мен имиджі көрінеді. Судьяның уақытты тиімді пайда-

ланып, өнімді жұмыс жасауы сот хатшысының біліктілігіне, іскерлігіне тікелей байланысты деуге де болады.

Сот отырысының хатшысы өз жұмысында ҚР Конституциясын, «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

«Сот хатшысы сот құрамына кіре ме әлде жоқ па?» деген сұрақ көптеген адамдарда талас тудырады. Егер де заңға сүйенсек, сот хатшысының сот құрамына кірмейтінін байқауға болады.

Себебі, ҚР ҚПК-тің 356-бабына сәйкес, төрағалық етуші сот құрамын жариялап, сотқа қатысушы тараптарды хабарлай отыра, аталған тұлғаларға қарсылық білдіруді мәлімдеу құқығын түсіндіреді.

Көрсетілген нормаларды сараптай келе, сот хатшысы сот құрамының мүшесі болып табылмайды, ол процеске қатысушы тұлға деген қорытынды жасауға болады.

БІТІМ

МЕДИАЦИЯНЫҢ НАСИХАТЫ АЗ

Қазақ – ежелден мәмілегер халық. Кез келген мәселені келісіммен шеше білген. Бір ауылда даулы мәселе туындағанда жүгінетін би болған. Ол екі жақты да уәжін тыңдап барып, екі тарап та ұтымалытайндай немесе кінәлінің кінәсін мойындатайндай шешімдер қабылдаған. Бұл бірінші кезекте қазақтың сөзге тоқтап, ақылды адамның айтқанын тыңдағандығын көрсетеді және істеген ісін мойындап, кешірім сұрай білу де кеңдік екенін көрсетеді.

Кентау қалалық сотының ұйымдастыруымен «Медиация дауды шешудің оңтайлы жолы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға Кентау қаласының адвокаттары, кәсіби және кәсіби емес медиаторлар, адвокаттар және Кентау қаласы әкімі аппаратының заңгерлері қатысты. Басқосуды Кентау қалалық сотының төрағасы Есбол Абдраманов ашып, «Медиация туралы» заңның маңыздылығы мен ерекшеліктеріне тоқталды.

– Аталған заң 2011 жылдың 6 тамызында заңды күшіне енген

ның, олардың алдына не мәселемен бару керектігін білмейтіндер де бар. Өйткені, бұл саланың насихаты аз. Сондай-ақ бұған қазақтілді медиаторлардың аздығы да себеп болып тұр. Жоғарыда айтқанымыздай, көпшілік медиаторлардың көмегімен тығырыққа тірелген шаруасының шешілетінінен әлі де хабарсыз және пәлендей сене қоймайды. Бұл медиацияның белгілі бір даулы мәселені реттейтін институт екені жөнінде ақпараттық насихат жұмыстарының кемшін түсіп тұрғанын көрсетеді. Аталған заң Қазақстанда

рлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар медиацияның қолданылу саласы болып есептеледі. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайды. Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі, – деді қалалық сот төрағасы Есбол Жүнісәліұлы.

Ал кәсіби медиатор Ж.Таукеева медиацияның дамуы, яғни даулы және жанжалды жағдайларды шешу барысында азаматтардың ымыраға келуге дайындығы қоғамдық сананы жаңғыртудың маңызды белгілерінің бірі екендігін атап өтті. Кездесу барысында осы тұрғыда қойылған міндеттерді сапалы және кешенді іске асырудың негізгі тәсілдері талқылануы, алдағы уақытта тараптарды татуластыру, оның ішінде медиацияны дамытуға бағытталған жұмыстарды жандандыру, медиациялық келісімге келген істер көрсеткішін көбейту көзделді.

– Әрине, байырғы қазақ халқы әрбір мәселені екі жақты келісім арқылы шешіп отырған. Қызым дүниеге келгеннен кейін көп ұзамай бұрынғы күйеуіммен сөзіміз жараспай, ажырасып кеттік. Алимента арыз бергенмен, қанша жыл бойы ала алмай жүрдім. Осыдан екі жыл бұрын сот орындаушы медиация заңы туралы түсіндіріп айтқан кезде, бірден келісім. Қазір медиациялық келісімшарт жасап, алиментті уақытында алып отырмын, – деді Кентау қаласының тұрғыны Индира. Медиациялық келісім – халықтың даулы мәселесін шешудің оңтайлы жолы.

Раушан НАРБЕК Түркістан облысы

ОРТАҚ МҮДДЕ

2021 жылғы 20 желтоқсандағы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес Азаматтық процестік кодексіне «сотқа дейінгі хаттама» ұғымы енгізілді.

СОТҚА ДЕЙІНГІ ХАТТАМАНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Бұл жаңашылдық тараптарға азаматтық іс қозғалғанға дейін дәлелдемелермен алмасуға, сол арқылы даудың болжамды нәтижесін болжауға, өз шығыстары мен уақытын және моральдық шығындарын азайтуға, өзара достық қарым-қатынасты сақтауға, сондай-ақ дауларды соттан тыс реттеуге халықтың қызығушылығын арттыруға жол ашады.

Сотқа талап қою келіп түскен кезде татуластырушы судья тараптарға келесі күннен кешіктірмей татуластыру рәсіміне қатысу үшін шақыру мен сотқа дейінгі хаттаманың үлгісін жібереді, онда тараптар өздерінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасағысы келетін тараптардың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың ашу, ұсыну және дәлелдемелермен алмасу жөніндегі іс-әрекеттерін көрсетуге және іс сотта қаралған жағдайда оларды пайдалануға құқылы.

Талапты қамтамасыз ету шараларын қабылдау кезінде шақыру тиісті ұйғарым шығарылғаннан кейін жіберіледі. Татуластыру рәсімдерін жүргізу барысында татуластырушы судья тараптарға татуластырудың артықшылықтары туралы түсіндіреді, тараптардың әрқайсысына өздері сілтеме жасағысы келетін өз дәлелдерін өзара ашып, ұсынуға кеңес береді. Егер тараптар талап қоюды қабылдау сатысында татуласа алмаса, онда сот ісі татуластырушы судьяның сотқа дейінгі хаттамасымен бірге істің мәні бойынша қарау үшін басқа судьяға қайта бөлінеді. Егер дәлелдемелерді ұсынған адамдар істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін еместігін негіздеесе, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы

мүмкін. Істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды сот тараптардың және іске қатысатын басқа да адамдардың талаптары мен қарсылықтары негізінде, қолданылуға жататын материалдық және процестік құқық нормаларын ескере отырып айқындайды. Азамат істі сот талқылауына дайындау барысында не осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген жағдайларда сот талқылауы барысында ашылған және сотқа дейінгі хаттамада көрсетілген дәлелдемелерге ғана сілтеме жасауға құқылы. Осыған байланысты тараптарға сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы татуластыру рәсімдерін жүргізу барысында өздерінің талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін дәлелдемелер ұсынған жөн, бұл оларға қарым-қатынасты сақтауға, моральдық және материалдық шығындарды азайтуға, дәлелдемелер мен дәлелдер алмасуға, сот талқылауының болжамды қорытындысын болжауға, дау бойынша ымыраға келуге, жанжалды сот дауларының аяқталуына мүмкіндік береді.

Егер тараптар сотқа дейінгі хаттаманы жасамай, 10 жұмыс күні ішінде татуластыру рәсімдері шеңберінде келісімді бекіту туралы өтініш жолдаса, судья азаматтық іс қозғау және оны сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарады. Сотқа дейінгі хаттаманы жасады отырып татуласқан жағдайда мұндай ұйғарым 15 күннен кешіктірмей шығарылады.

Б.БАИМБЕТОВ, Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының сот отырысының хатшысы

болатын. Оның қаншалықты жұмыс жасап жатқанын дөп басып айту қиын. Елімізде әрбір екінші адам сотқа жүгінеді. Мәселен, үлкен қалаларда әрбір судья орта есеппен күніне жеті істі қарайды екен. Өйткені қарапайым халық дау-жанжалды сотқа жеткізбей-ақ, медиацияның да көмегімен шешуге болатыны ескере бермейді. Медиаторларды қайдан табуға болаты-

медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидалары мен рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін айқындайды. Егер Қазақстанның заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауыр

(Соңы. Басы 1-бетте)

АЛАЯҚТАРДЫҢ АЙЛАСЫ ТАУСЫЛАР ЕМЕС

Жұмыс істеу жүйесі тым қарапайым. Өздерін аса ауқатты жан ретінде көрсетіп, қатарына қосылуға шақырады. Сән-салтанаты жарасқан шетелдік көліктер, бір-біріне сыйлаған бағалы сыйлықтар, апта сайын әмияныңызға өзі келіп құйылатын АҚШ доллары, қалағанына қиналмай қол жеткізетіндерден құралған достық орта, маусым сайын шекара асатын саяхаттар кім-кімді де басында елітетіні сөзсіз. Сенің айдан-айға жетпейтін жалақың мен несиеге шырмалған өміріңді келеке етіп, «Қашанғы осы қалыпта құмыр кешесің? 100-150 мың айлықпен қашан алғашқы миллионыңды табасың?» деп сұрақ қойғанда, еріксіз де, ессіз де келісесің. Келіспеске амал жоқ, бал өмірді сәл болса да кешіп көргің келеді себебі. Осы тұста қаржылық пирамида жүйесінің құрбандарының дені әлеуметтік жағдайы қиын, қарызы көптер деуге себеп бар секілді. Әйтпесе төрт құбыласы тең, дүниесі толысқан жандардың арты қуыс ұйымдарға кіруі, тәуекелге бел буып, теңгесін жұмсауы қиындау. Бұл жайлы ресейлік «Derot WPF» қаржылық-сараптамалық агенттігінің өкілі Алексей Андреев ақпарат өкілдеріне берген сұхбатында: «Олар қарны тоқ қоғамда жұмыстарын жүргізе алмайтындарын жақсы біледі. Соңғы кездері аудиториясын «сұрыптап» алу үшін әлеуметтік желілердің көмегіне жүгіне бастады. Бұл үшін оларға өз атауымен тіркелудің қажеті де жоқ. Жазылушылары көп блогерлерге тиын-тебен беріп қойса жеткілікті. Әлеуметтік желінің табиғаты қаржы пирамидалары, желілік маркетингке жақын. Бұл оның қазіргі жұмыс істеу форматының ерекшелігі», – дейді. Қаржы пирамидалары «Бұл не деген батпан құйрық, айдалада жатқан құйрық?»

деген көңілдегі күдік атауын жою үшін табыстың оңай келмейтініне, алайда тез табуға болатынына сендіреді. Желеулері – сату. Бегілі бір тұрмыстық заттарды, бет күтімдеріне арналған құралдар, емдік дәрі-дәрмектер секілді өнімдерді сатады-мыс. Көп тауар сатып, артынан бірнеше «сатушыларды» қатарға қоссаң, тез байып кетеді екенсіз. Бұл әлеумет арасында көпшілікке түсінікті болған бір ғана мысал. Сонымен қатар, құнды қағаздарға ие болуды ұсына-тындар да бар, алайда ол қағаздары рас болса. Құйған қаржыңызға жоғары пайызда өсім, бонустар арқылы қызықтыратындардың да қарасы қалың.

Тарих беттері бұл ұйымдар жайлы не дейді? Әлемде айласын ең ұзақ асырған қаржы пирамидасы ретінде 1960 жылы құрылған «Meadoff Investment» қаржы ұйымын айтады. Негізін қалаушы – Бернард Мэдофф деген америкалық олигарх. 150 жыл бойы бай-бағландардың ақшасын жымқырумен айналысқан. Үш миллионнан астам адам ұйымына мүшелікке кірген, ақшасын аманаттап тапсырған. Бізде де тәуелсіздік жылдарының алғашқы кезеңдері, нақтырақ айтсақ, 1993 жылдан бастап аталмыш индустрия жұмыс істей бастады. Отыз жыл өтсе де, ордамызда ойран салғандардың жолын кесетін амал табылмады. Құныққандар мен дәнiккендерге заң да, жаза да тосқауыл болар емес. Айта кетейік, өткен жылы атаулы пирамидаларды құрып, көпті сан соқтырғандарды 10-12 жыл аралығында бас бостандығынан айыру заңы мақұлданып, жаза күшейтілген болатын. Ал, ұйымдардың сойылын соғып, жарнамасын жарыса жасаған танымал жандар үшін 2000 АЕК ай-

ыппұл немесе 600 сағаттық қоғамдық жұмысқа тарту, мәселе шиеленіскен жағдайда, 2 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығын шектеу көзделген. Қош, қамаймыз, қатырамыз дегенмен болмай тұр. Адамнан айла да, амал да артылмай тұр. Жауапты мамандардың



айтуынша, биыл алғашқы бес айдың өзінде 22 қаржы пирамидасының жолы кесілген. Кибербақылаудың арқасында 4000-ға жуықтайтын парақшалар мен сайттар бұғатталған. Қаржылық мониторинг агентігі қазақстандықтар алданып қалмас үшін тұтыну барысында заңдық талаптарын, шығу тарихын, жұмыс істеу механизмін қатаң қадағалап, көз жеткізіп барып сенім білдіруге шақырады. Ол үшін арнайы қаржы пирамидаларының тізімін жариялап қойған. Кіріп қарап едік, бірнеше жыл көлемінде ел арасында кеңінен таралған «Q-Net», «InCruises», «Qaz Home» секілді алып-

тарды байқадық. Онда сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүріп жатқан, қаржылық пирамидалық белгілері байқалған 22 ұйым, тергеу аяқталып, сотта қаралып жатқан 7 ұйым, сот үкімі пирамида деп таныған 30-дан аса ұйым атауы көрсетілген.

амалын тапқанымызбен, әлгілер халықты алдаудың мың бір айласын қоса ойлап отыр. Не істемек керек? Ел экономикасының дамуына өлшеусіз үлес қосқан қаржыгер Илияс Исаев ақпарат өкілдеріне берген сұхбатында: «Барлық қаржылық ұйымдар да, қаржы пирамидалары көзбояушылыққа жол бермес үшін өзіне қатысты барлық тәуекелдерді, жасырын пайыздарды ашып, «сый-ақы мөлшерлемесінің таза көлемін нақты көрсетуі керек» деген бапты қосу керек. Өзбекстан, Ресей осындай баптарды заңдастырған. Бұл қадамға біз де баруымыз керек. Мұндай жағдайда қаржы пирамидалары заңды тіркелген елдерге сұрау салып, өтемақы талап етуге, қазақстандықтардың мүддесін халықаралық деңгейде қорғауға мүмкіндік туады», – деп, кеңес береді. Бұл шет елдер практикасында бар амал көрінеді. Дегенмен қаржылық сауаттылық танытпаған біздікілердің қамсыздығы мен аңқаулығына бұл да кедергі емес секілді. Сайып келгенде, мәселе өзімізден туындайды. Әр істің байыбына барып, терең зерделеуден кейін ғана сенім білдіргеніңіз абзал. Сонымен қатар, оңайдан олжалы болу яки аз ғана уақытта жеңіл пайда табу деген түсініктен ада болғанымыз ләзім. Маңдай тер тамбай, еңбек етілмей, адам бойына байлық біте қою екіталай. Ең сорақысы, жарнамасы жер жарған ұйымдар арқылы халықты енжарлыққа, еріншектікке, еңбек етпеуге, оңай табыс табуға насихаттап жатқан жоқпыз ба? Осыған әуестенген қоғамнан еңбекқор ұрпақ өсуіне сенім бар ма?

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

Қазақстан әскерінің беделі қай деңгейде деген сұрақтың жауабы әр адамның көкейінде әртүрлі жауапқа ие екені сөзсіз. Жастарымыздың әскерден қашуы, Отан алдындағы борышын өтегісі келмейтіңдігінің негізгі себептерінің бірі – әскердегі балалардың суицидқа баруы, әртүрлі әлімжеттік оқиғалар туралы пікірдің қалыптасуы болып отыр. Жалпы, қазіргі сарбаздардың әлеуметтік қамсыздандырылуы жоғарғы деңгейде. Әскерге барғандар үшін мемлекет тарапынан әр сарбазға 3 300 теңге көлемінде ай сайын ақы төленіп, бір тәуліктік нормасы 2 250 теңгені құрайтын үш реттік тамақпен қамтамасыз етіледі. Мереке қарсаңында берілетін қосымша тәттіден бөлек, қарауылға түскен сарбазға тағы бір реттік тамақ беріледі. Аптасына бір рет моншаға түсуге және бұрынғы кездегідей хат жазып емес, командирлерінің рұқсатымен үйлерімен телефон арқылы хабарласуға рұқсат етіледі. Тіпті қазіргі таңда «Отбасымыз бейнеқоңырау» атты жоба іске қосылып, сарбаз өз отбасына аптасына екі мәрте бейнеқоңыраумен шығып, сөйлесе алады. Одан бөлек, сарбаздар ротаға бөлінгеннен кейін, әскери сабақтары басталған уақытта балалары жайлы хабар беріп тұру үшін WhatsApp желісінде ата-аналар қосылған жеке топ ашылады.

САРБАЗДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕ

Сарбаздарға қыстық және жаздық аяқ киім, екі түрлі форма және қарауылға түскенде кию үшін пима тегін беріледі. Далаға киетін киіммен де екі мәрте қамтамасыз етіледі. Ал қоғамдық күзеттегі әскерлерге аяқ киімнен бөлек, келте тон беріледі. Рота командирлері әскерилердің ата-анасына балаларының қажетті заттың барлығымен қамтамасыз етілгені туралы алдын ала ескертіп, отбасыларынан ақша сұраған жағдайда өздеріне ескертулерін сұрайды.

жүрген сарбаз анықтама алу арқылы төлемді уақытша тоқтатып, мемлекет тарапынан өзіне бөлінген қаржыны банк картасы арқылы тұтыну үшін жасалған бір мүмкіндік.

Сондай-ақ әскери борышын абыроймен өтеп келгендердің жоғарғы оқу орнына тегін түсуіне жол ашылып отыр. Осындай мүмкіндіктерге қарамастан, жастар қырық күндік әскери қармастан өтініш тапсырып жатады. Әртүрлі амалдар арқылы әскерге бармаудың жолдарын қарастырып жататыны да

Осы орайда азаматтық борышын кеңес дәуірінде өтеп қайтқан Арал Төлебаев ағамызбен аталған тақырыпқа орай аз-кем ой бөліскен едік.

– Осыдан жиырма бес жыл бұрынғы әскердің жанында қазіргі әскерилердің өмірі бал. Жастар әскерден қашпау керек, – деген ағамыз өз басынан өткен оқиғасымен де бөлісті. Ширек ғасыр бұрын Отан алдындағы борышын өтеуге барған бозбала бойының өлшемі талапқа сай келмей, денсаулығы жарамайды деген себептермен үш мәрте қайтарылған екен. Төртінші рет барғанда өз еркімен сұранып тұрған жігіттің талабын қайтармаған комиссия мүшелерінің амалсыз оны әскерге жіберуге шешім қабылдап, ал отбасы мүшелері бұдан мүлдем хабары болмаған. Ата-анасы кейін хат арқылы ғана балаларының әскерге кеткенін бір-ақ білген. Ағамыздың айтуынша, сол кездегі патриоттық тәрбиенің мықтылығы ма, әйтеуір, денсаулық жағдайына байланысты әскер қатарына бара алмай қалған бірен-саран жігіттерден басқа Отан алдындағы борышын өтеуден жалтару, қашу деген болмайтын. «Жау таяса, қолға қару алып, Отан қорғаудың алдыңғы шебінде тұру дегенді санамызға сіңіріп өскен ұрпақпыз ғой. Қайта жас жігіттер әскерге баруға құлшынып тұратын. Өйткені екі жыл әскери өмір – ортаға үйретіп, шындайтын, тұлға етіп қалыптастыратын үлкен мектеп. Тіпті дәл қазір алдында әскерге бару-бармау туралы таңдау тұрса, ойланбастан тағы да борышымды өтеуге аттанар едім», – деген ағамыз әскери өміріндегі әртүрлі қызықты оқиғаларын айтып, ағынан жарылды.

Әскер – ұлт айнасы, ол айнаны жарқыратып ұстау – жастардың қолында. Өз Отанымыз алдындағы борышымызға нұқсан келмеуі – ол барлығымызға абырой. Қазақ әскерінің абыройы, беделі – тікелей халық абыройы.

Шолпан КӨПРБАЙ

БАСТАМА

«ИНВАТАКСИ» ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСТІ

Алматыда қала әкімдігінің бастамасымен «Яндекс.такси» агрегаторы арқылы инватакси қызметтерін ұсыну жобасы басталды. Оған Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қолдау көрсетуде. Қырқүйек айына дейін пилоттық режимде іске асырылатын жобаның оң нәтижелеріне сай министрлік НҚА-ға өзгерістер енгізуді жоспарлап отыр.

Қалада қосымша қажеттіліктері бар адамдарды тасымалдау үшін арнайы көлік тапшылығы байқалған болатын. Оған биыл жергілікті бюджеттен 946 млн. теңге бөлініп отыр. Енді инватакси саны 100 автомобильге дейін ұлғайып, трафик пен ауа-райына қарамастан бір сағаттық жолақысы 2700 теңгеден 3 300 теңгеге дейін өседі.

Мүгедектігі бар уәкілетті тұлғалар өздеріне ыңғайлы уақытта арнайы әзірленген «INVA» тарифі бойынша «Яндекс.такси» қосымшасы арқылы инватакси қызметтеріне тапсырысты дербес жүзеге асыра алады. Қызметтердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін екі жол жүрісіне шектеу бар. Инватакси қызметтерін жеткізушінің шығындарын өтеу жергілікті бюджет қаражаты есебінен жеткізушілер орындалған жұмыстардың актілерін ұсынғаннан кейін жүзеге асырылатын болады. Пилоттық жобаның іске асырылуын үйлестіру және бақылау Алматы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жүктелген. «Яндекс.такси» агрегаторы арқылы инватакси қызметтерін алу үшін мүгедектігі бар адамдар инватакси қызметтерін қолданыстағы жеткізушілер арқылы авторизациялануы қажет. Мәселен, кресло-арбамен қозғалатын мүгедек адамдар үшін «Inclusion.kz» ҚБ – 24; «ЦРУ Инватакси» ЖШС – 24; аутизм бар балалар үшін «social Project Organization Group» ҚБ – 14; көру қабілеті бұзылған балалар мен ересектер үшін «Зор денсаулық» ҚБ – 38 (16-сы балаларға, 22-сі ересектерге) автомобиль ұсынып отыр.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне қарағанда, 2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушылар саны елімізде 536,2 мың адам. 1 шілдеден бастап жалпы аурдан мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері 1-топ үшін 89 248 теңгені, 2-топ үшін – 71 398 теңгені, 3-топ үшін – 48 681 теңгені құрайды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»



Дегенмен біраз мәселенің бастамасы болатын осы ақша мәселесіне келгенде, көп туыстары командирлеріне хабарламай, ақшаны аударып жіберіп, кейін соның салдарынан түсінбеушіліктер орын алғанын жоққа шығаруға болмас. Осы орайда әскерилердің беделін арттыру мақсатында Қорғаныс министрлігі тарапынан бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Соның бірі – әскерге келгенге дейін немесе борышын өтеп жүріп банктерден, шағын қаржы ұйымдарынан несие алған сарбаздардың берешегін бір жыл мерзімге тоқтата тұру. Яғни, әскерде

жасырын емес. Әскери идеологияның дұрыс жүргізілуі себепті қоғамда әскер туралы ойдың дұрыс қалыптаспауы, жастардың әлжуаздығы, т.б. жағдайлардың барлығы әскери өмірдің беделіне нұқсан келтіретіні рас. Алайда елі үшін, жері үшін Отан алдында борышын өтеуге құлшынысы жоғары жастарымыз бар екенін де айта кеткен жөн. Тіпті олар қазір әскерге өз қатарластарын шақырып, әскери өмірдің анау айтарлықтай қызықсыз емес екенін көрсетіп, тикток әлеуметтік желісінде эстафеталарын жүргізіп, жақсы бір бастаманың себепкері болып жүр.

Орайы келген әңгіме

ӘСКЕР ЖАСТАРДЫ НАҒЫЗ АЗАМАТ ЕПІ ТӘРБИЕЛІДІ



Есімі ел тарихына алтын әріптермен жазылған батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Армия – өмір мектебі». Бірақ, осы өмір мектебінен абыроймен өте білу қазіргі жастарға алынбас қамал болып тұр. Сондықтан, бұл мәселе қазіргі қоғамның ең өткір мәселелерінің бірі саналады. Ресми мәліметтерге сенсек, әскер қатарына шақырылатындардың бестен бірі ғана сарбаз атануға құлықты көрінеді.

Жастар азаматтық борышын өтеуден жалтаратындай әскер соншалықты қауіпті ме? деген сұрақтың жауабын табу мақсатында Алматы қаласында орналасқан ҚР Ұлттық ұлан «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының №7552 әскери бөліміне барып, жас сарбаздардың өмірімен таныстық.

Жұмыс барысында аталған бөлім командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, подполковник Данияр Исаевты, сондай-ақ бөлімнің әскери полиция қызметінің анықтаушысы, майор Ерлан Нұрғалиевті сөзге тартып, жас сарбаздардың да әңгімесін тыңдап қайттық.

– Данияр Исаулы, соңғы жылдары әскерге баруды өздеріне абыройлы міндет санайтындар қатарының азаюы патриоттық рухтың әлсіздігі ме әлде оның басқа да себептері бар ма?

– Жасыратыны жоқ, жастардың көбісі Отан алдындағы әскери борышын өтеуге осы күнге дейін құлықсыз болып келді. Оның басты себебін қоғамымызда әскерге деген жағымсыз қасаң көзқарастың қалыптасуымен байланыстыруға болады. Әскерге барудан қашатындардан «бір жылымды босқа өткізім келмейді» деген де уәж естіміз. Елдің қорғаны ретінде үміт артып отырған жастарымыздың мұндай түсінікте болуы біз үшін өте өкінішті жағдай, әрине.

Даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» дегенді бекер айтқан жоқ. Әскер ең алдымен адамды тәртіпке баулиды, өмірге тәрбиелейді, өзінің ғана емес, өзгенің де алдындағы жауапкершілігін сезіндіреді. Нақты айтқанда, әскер жастарды нағыз азамат етіп шығарады. Ата-аналар да, бала да осыны түсіну керек. Өмір түрлі қиындықтарға толы, одан мойымай өту үшін мықты рух керек. Өкінішке қарай, жастарымызда осындай рух кемшін болып тұр.

– Әскерде болып жатқан түрлі әлімжеттік оқиғаларын жоққа шығара алмаймыз, тіпті, адам өмірі де қиылып жатыр. Мұндай жайттардың кімді болса да үрейлендіретіні анық қой. Бұған не дейсіз?

– Конституцияның 36-бабында Қазақстан Республикасын қорғау оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті екені және республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқаратыны анық жазылған. Яғни, әскери борышты өтеу – 18-ге толған әрбір жігіттің бұлжымас міндеті. Қорқыныш пен үрейге бой алдыру жігітке тән қасиет емес. Мысалы, Отанына, отбасына, ата-анасына қауіп төнген жағдайда олар қорқып, қашып кете ме? Бұл мәселені осы тұрғыдан қарастыру керек.

Бізге әскери полиция жұмыс істейді, әлімжеттікке жол берілмейді. Әскери прокуратура өкілдері ұдайы келіп, тексеріп отырады. Жас сарбаздардың әскери өмірге бейімделуіне барлық жағдайды жасап жатырмыз. Психологтар олармен жеке-жеке жұмыс істеп, түрлі тренингтер өткізеді. Ата-аналар чаты, әскери бөлімнің инстаграмм па-



Данияр ИСАЕВ, ҚР Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы №7552 әскери бөлім командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, подполковник

рақшасы бар, бөлімде өткізілген іс-шаралар сонда жарияланып, ата-аналар балаларын көреді. Ата-аналармен инстаграмда тікелей эфир жүргізіп, сұрақтарына жауап береміз. Сарбаздар олармен ұялы байланыс арқылы сөйлесе алады. Әскери бөлімде дүкен бар, кітапхана, кинозал жұмыс істейді. Барлық азаматтар әскери борышын өз мемлекетіміздің аумағында өтейді. Бұрынғыдай шетелдерге кетпейді. Әлімжеттік мәселесінде де қорқудың қажеті жоқ. Әскери тәртіп пен талап тұрғысында көптеген жаңашылдықтар енгізілді. Қазір барлық орындар бейнебақылау камераларымен қамтамасыз етілген.

Біз бүкіл жұрт болып елдің ертеңін ойлауға, бұл ретте ешқандай қиындыққа мойымайтын ержүрек жастарды тәрбиелеуге тиіспіз.

– Барлығы баланың тәрбиесіне байланысты дейсіз бе?

– Иә, дана халқымыздың «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» немесе батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының «Жауынгерлік тәрбие әскери киімде емес, жөргекте жатыр» деген асыл сөздері бала бойындағы қайсарлық, адалдық, жауапкершілік, өзгеге жанашырлық сияқты қасиеттердің отбасынан бастау алатынын көрсетеді. Осы себепті әрбір ата-ана ұлын кішкентайынан «сен ер-азаматсың, менің қорғанымысың, өскенде елді қорғайсың» деп тәрбиелесе, ол бала міндетті түрде ержүрек болып өседі. Ешқандай қиындыққа мойымайды.

– Сарбаздардың бөлімдегі уақыты қалай өтеді, бұл тұрғыда қандай шаралар ұйымдастырылады?

– Әр дүйсенбіде командирлік сағат болады, командирлер жеке құраммен кездесіп, оларды тыңдайды. Тәртіп апталығы өтеді. «Өмірінді сақта» деген бағдарлама аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастырып жатырмыз. «Заңгер сағаты», «Прокурор сағаты», «Әскери полиция сағаты» өтеді. Мұның бәрі жас сарбаздардың білім-білігін жетілдіру мақсатын көздейді. Тәуліктік кезекшіліктерін атқарады. «Ашық есік» күндеріне студенттерді шақырамыз. Олар жауынгерлік техникаларды, сарбаздардың өмірін көреді. Жақында Сарбаз аналар комитетінің басшысы келіп, сарбаздармен әңгімелесу өткізді. Бізде барлық жұмыс ашық. Бұқаралық ақпарат құралдарымен де тығыз байланыста жұмыс істейміз.

– Жастарды әскери борышын өтеуге ынталандыру мақсатында Үкімет тарапынан жасалған жеңілдіктерге де тоқталып өтсеңіз.

– Мемлекет тарапынан әскери борышын өтегендерге жақсы жеңілдіктер жасалып жатыр. Біріншіден, олардың жоғары оқу орындарына емтихансыз қабылдану мүмкіндігі бар. Екіншіден, мерзімді әскери қызметтегі сарбаздар несиеден төлеу міндетінен асықша босатылады. Сондай-ақ олар өздері қаласа, әскер қатарынан нақты мамандық алып шығады. Яғни, сарбаздар алты айдан кейін келісімшарт бойынша әскери қызметке тұра алады. Бұрын мұндай мүмкіндік болмаған. Бір жыл азаматтық борышын өтегеннен кейін барып, келісімшартқа тұратын.

– Ал әскери қызметкерлердің әлеуметтік жағдайы қандай?

– Бізде әлеуметтік пакеттер көп, денсаулыққа байланысты төлем беріледі. Медициналық сақтандыру қызметі ақысыз көрсетіледі. Зейнетке ерте шығамыз. Отбасының әрбір мүшесіне ай сайын пәтерақыға қаржы бөлінеді. Әскери бағдарламалар аясында үйлі болады, жалақы тұрақты. Қазіргі таңда әскери қызметші болғысы келетіндерге мүмкіндік мол.

– Бір жылды әскери өмірге шыңдалу, Отан қорғауға дайындалу демей, уақытты жоғалту деп ұғатындардың бетін қалай бері қаратамыз?

– Бір жыл ер-азамат үшін өмірдің үлкен сабағы екенін қоғам болып түсіндірудің маңызы зор. Бұрынғыдай әскери билеттің «беделін» қалпына келтіру керек, яғни, әскери борышын өтемегендерге қызметте өсуге мүмкіндік берілмейтін болса, ата-ана да, бала да ойланар еді.

Бір қуанарлығы, бұрынғыға қарағанда жағдай түзелуде, қазіргі жастар намысшыл. Жақында Түркістан облысына барып, жас сарбаздарды алып келдім. Көздерінде от бар, елді, жерді қорғаймын, әскерге барамын деген ұмтылыстары керемет. Военкоматқа өздері келеді. Әскери қызметтің нағыз қиындығы мен ауыртпалығын сезіне отырып, шыңдалатындардың дүниетанымы өзгеріп, барлық нәрсеге жауапкершілікпен қарайтыны сөзсіз. Сондықтан, ата-аналар балаларының Отан алдындағы борыштарын өтеулеріне ықпал етулері тиіс.

– Жеңілдікпен қатар, мерзімді әскери қызметтен жалтаратындарға қолданылған жауапкершілік те күшейтіліп жатқан жоқ па?

– Бүгінде мерзімді әскери қызметтен жалтаратындар жауапкершілігі заңмен қатайтылды, мысалы, жергілікті әскери органның шақыртуына келмегендерге бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Бұл әрекетін бірнеше рет қайталағандарға мың АЕК-қа дейін айыппұл, төрт жүз сағатқа қоғамдық жұмыс немесе бір жылға дейін бас бостандығынан айыру жазалары қарастырылған.

– Жастарға айтарыңыз?

– Мерзімді әскери міндетті өтеу – Отан алдындағы абыройлы міндет. Сондықтан, осы міндетке адалдық танытыңыздар дегім келеді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Тақырыпқа орай

Ерлан НҰРҒАЛИЕВ, №7552 әскери бөлімінің әскери полиция қызметінің анықтаушысы, майор:

ОТАНСҮЙГІШТІК ОТБАСЫНДА ҚАЛЫПТАСАДЫ

Әскери тәртіпті көргендер мен көрмегендер арасында бәрібір айырмашылық болады. Жалпы алғанда, Отан алдындағы әскери міндетті өтеу – әрбір азаматқа парыз. Бұл мәселеде ең алдымен адам бойында отансүйгіштік қасиет болу керек. Мұндай қасиет отбасында қалыптасады. Сондықтан, әрбір ата-ана баласына осы елдің, осы жердің иесі өздері екенін, оны қорғау басты міндеттері екенін кішкентайынан саналарына сіңіріп өсіру керек. Бұл үшін, әрине, ең бірінші, ата-ананың өздері патриот болуы қажет. Әскердің анасы – Отанның анасы екенін әрбір ата-ана есте ұтаса, нұр үстіне нұр.

Мұны айтып отырғаным, кейбір ата-ана баласын кері көзқараста тәрбиелейді. Әскерге жібергісі келмейді. Қорқады. Қазір бұрынғыдай емес. Әскерде тәртіп жоғары. Әскер жастарды ерлікке, отансүйгіштікке, батылдыққа, Отан мен отбасы үшін жанқиярлыққа баулиды.

Біздің Ұлттық ұланның ерекшелігі – әрбір әскери бөлімде әскери полиция бар. Негізгі мақсатымыз – кез келген әлімжеттікке жол бермеу. Қылмыстық оқиғалардың алдын алу бағытында жұмыс істейміз. Екі-үш жыл болды, №7552 әскери бөлімінде ешқандай да қылмыстық іс тіркелген жоқ. Мерзімді әскери қызметшілер бөлімге келісімен, олардың әрқайсысымен ашық әңгімелесеміз. Қылмыстық заңнамамен таныстырамыз. Кез келген қылмыстың соңы қандай жауапкершілікке әкелетіні туралы жастардың заңдық



тұрғыдағы білімін жетілдіреміз. Оларға жүктелген жауапкершілікті түсіндіреміз. Қателікке ұрынудан сақтандырамыз.

Біз мерзімді әскери қызметшілерді күнделікті бақылап отырмыз. Күн-түн демей, жатын орындарына барып, хал-жағдайларын білеміз. Барлық жерде бейнекамералар орнатылған. Бала-лықпен бір-біріне әлімжеттік жасауларына жол бермейміз. Кейбір сарбаздар дайын болып, өте жоғары жауапкершілікпен келеді. Бес саусақтың бірдей еместігі секілді, олардың да арасында түрлі сарбаздар бар. Ауылдық жерлерден келген жігіттер моральдық, психологиялық, физикалық жағынан мықты болатынын дәлелдеп жүр.

Ұлан-байтақ жерімізді Қазақстанның азаматтары ғана қорғайды, біздің сенеріміз – жастар, сондықтан, ата-аналар балалардың нағыз отансүйгіш болып өсуіне өздері тарапынан ықпал етсе деген тілегіміз бар.

Дүйсенбек МАМАДӘЛІ, сарбаз:

АРМАНЫМ – ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІ БОЛУ

Түркістан облысының Шардара қаласынан келдім. Меніңше, әскерге денсаулығы жарайтын әрбір азамат келуге міндетті. Менің әкем де, ағам да әскери борышын өтеген жандар. Сол кісілерге қарап, өз қалауыммен келдім. Ата-анам менің бұл тілегімді қабыл алып, қолдады. Болашақта әскери қызметте еңбек етсем деген арманым бар. Адамды темірдей тәртіп шыңдайды, ата-анамның берген тәрбиесін ары қарай жетілдірейін, өз өмірімді өзім қалыптастырайын деген мақсатпен келдім. Еліміздің, ата-анамыздың алдындағы азаматтық міндетіміз болғандықтан, құрдастарымды әскерге келіп, өздерін шыңдауға шақырамын.

Жалғас ПОЛАТОВ, сарбаз:

БҰЛ – БІЗДІҢ ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ

Түркістан облысы Қазығұрт ауданының тумасымын. Ер-азамат болып туылған соң, оның ел алдында өзіндік міндеттері болады. Солардың ең бастысы – Отанды қорғау, ал, ол әскери борышты өтеуден басталады. Әскерде біздің үйренеріміз көп. Әскер туралы әртүрлі ақпараттар тарап жатады. Содан болар, ата-анам алғашында қорықты. Бірақ, менің мақсатым нық болды, әскерге барғым келетінін түсіндіріп жеткіздім. Ата-анам ақ жол тілеп, баталарын беріп шығарып салды.

Кішкентайымнан бірге өскен сыныптас досым әскери борышын өтеп келді. Новосибирскіде білімін жетілдірді. Соған қарап, мен де әскери қызметті таңдадым. Алдағы өмірімді Ұлттық ұланмен байланыстырғым келеді.

Ержігіт ӨМІРЗАҚ, сарбаз:

ТӘРТІП АДАМДЫ ШЫҢДАЙДЫ

Түркістан облысының Түлкібас ауданынан келдім. Әскер қатарында сапқа тұру – өзіміздің қалауымыз. Барлығы жақсы, қатарластарыма айтарым, әскерге келіп, бәрін өздері көзбен көрулері керек. Әскер туралы айтылатын әртүрлі ақпараттарға сене берудің қажеті жоқ. Әскери тәртіп адамды шыңдайды, физикалық тұрғыда ғана емес, адами тұрғыда да өсіріп, ой-өрісінді жетілдіреді. Өз өміріңнің қожасы болуға, өзгелер үшін жауапкершілік алуға үйретеді.



